

**"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі № 329 қаулысына  
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1728 Қаулысы  
Баспасөз релизі

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері» туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі № 329 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 15, 145-құжат) мынадай өзгерістер  
е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт  
министрлігі туралы ережеде:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Министрліктің негізгі міндеті туризм және спорт салаларындағы мемлекеттік  
саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ ойын бизнесі  
саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу және бақылау болып табылады.»;

25-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) туристік қызмет, ойын бизнесі, дене шынықтыру және спорт саласында  
саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді және Министрдің актілері мен  
тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз етеді;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми  
жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*